


Менің өлкем



Зайсаннан Қытай мен Моңғолияға ұшақ ұшыру шығынды ақтамайды – Бектенов

3-бет



Бюджет қаржысының игерілу барысы облыс әкімінің көңілінен шықпады


4-бет



Өскемен тұрғындары өз күшімен көпір салып алды

7-бет

Адам таңдамайтын алаяқтар



ШҚО-да жыл сайын артып келеді, оларға тосқауыл қоюға бола ма?

Келесі саннан оқитындарыңыз:

Алдағы уақытта Шығыс Қазақстан спортын біршама оң өзгеріс күтіп тұр. Бұл туралы облыстық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Асқар Можанов журналистермен болған брифинг кезінде мәлімдеді. Жауапты тұлғаның сөзінше, Өскеменде төбесі жабық футбол стадионы салынады. Жоба ойдағыдай жүзеге асса, 5 мың жанкүйер келіп, қызықты матчтарды тамашалай алады. Тек футбол емес, аудандарда болатын өзгерістер мен облыс спортшылары жеткен жетістіктер айтылды. Командалық спорт түрлеріне көп-көрім көңіл бөлініп жатыр.



Жәрмеңкеге келіңіздер!

Алдағы демалыс күні Өскеменде ауылша-Аруашылығы жәрмеңкесі өтеді.

8 қараша сағат 08:00-15:00 аралығында "Алтай" көтерме-бөлшек сауда орталығының аумағында (Жібек жолы, 44) Зайсан ауданының тауар өндірушілері мен кәсіпкерлерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылады. Онда табиғи әрі сапалы өнімдерді тиімді бағада сатып алуға болады.



Хабарландыру

"Казхимтехснаб" ЖШС: 15.12.2025 жылы Абай облысы, Бесқарағай ауданы, Бөдене ауылы, Айтқожа Қалиғожа көшесі 41 (Мәдениет үйі) мекен-жайы бойынша:

- **сағат 11:00** ҚР Экологиялық кодексінің 73 б. талаптарына сәйкес, "Абай облысының Бесқарағай ауданында орналасқан "Известковое-Левобережное" әктас кен орнының солтүстік қанатын өндіру" ықтимал әсерлер туралы есебі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды;

- **сағат 12:00** ҚР Экологиялық кодексінің 96 б. талаптарына сәйкес, мекен-жайы бойынша "Абай облысының Бесқарағай ауданында орналасқан "Известковое-Левобережное" әктас кен орнының солтүстік қанатын өндіру" жобасына құжаттар жиынтығы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қажет болған жағдайда Черемушка а. тұрғындарын тыңдау өтетін жерге жеткізу ұйымдастырылады. Жеткізу мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей +7 777 788 2777 (Максут Аскар) тел. арқылы хабарласуға болады.

Барлық ескертулер/ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, сондай-ақ Семей қ., Тұрлыханов к-сі 30, "Абай облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, тел. +7 777 980 5737, prirodnyue_resursy_obl.abay@mail.ru эл.адресі бойынша қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Идентификатор конференции: 872 9946 2875

Код доступа: 952422

Белсенді сілтеме ҰБД және ЖАО сайтында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты белгіленген қызметтің бастамашысы - "Казхимтехснаб" ЖШС. БСН: 060640009631, Абай облысы, Семей қаласы, Глинка көшесі, №73Г үй. Тел.: 87051457793. kazchimtechsnab@mail.ru.

Объявление

ТОО "Казхимтехснаб" сообщает, что 15.12.2025 года по адресу область Абай, Бескарагайский район, с.Бодене. ул. Айтқожа Қалиғожа 41 (дом культуры):

- **в 11:00 ч.** в соответствии с требованиями ст.73 Экологического кодекса РК, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по отчету о возможных воздействиях к "Плану добычи северного фланга месторождения "Известковое-Левобережное", известняка расположенного в Бескарагайском районе, области Абай".

- **в 12:00 ч.** в соответствии с требованиями ст.96 Экологического кодекса РК, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по комплекту документов по "Плану добычи северного фланга месторождения "Известковое-Левобережное", известняка расположенного в Бескарагайском районе, области Абай".

В случае необходимости будет организована доставка жителей с.Черемушка до места проведения слушаний. По вопросам доставки обращаться по тел. +7 777 788 2777 (Максут Аскар) не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Все замечания/предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД, а также по адресу г.Семей, ул.Турлыханова, 30 ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай", тел. +7 777 980 5737. Электронный адрес: prirodnyue_resursy_obl.abay@mail.ru.

В случае введения ЧП и (или) ограничительных мероприятий, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Идентификатор конференции: 872 9946 2875

Код доступа: 952422

Активная ссылка будет предоставлена на сайте НБД и на сайте МИО.

Дополнительную информацию можно получить у инициатора намечаемой деятельности - ТОО "Казхимтехснаб". РК, область Абай, г.Семей, улица Глинка, дом №73Г. БИН: 060640009631, тел.: 8 705 145 7793. kazchimtechsnab@mail.ru.

Техникалық байқау операторларының назарына

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің "Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі еске салады.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 329 бұйрығымен бекітілген "Механикалық көлік құралдары мен оларға тіркелген тіркеме құралдарын міндетті техникалық тексеруден өткізу ережелерінің" 32-1 тармағында (бұдан әрі – Ережелер) көрсетілгендей, көлік құралдарына орнатылған газ баллон жабдықтары арнайы уәкілетті ұйымдарда мерзімді тексерістерден өтуге тиіс. Мерзімді тексерістердің жиілігі баллондарды жасаушының баллондарды тексеру жиілігіне сәйкес келеді және баллонның паспортына енгізілген.

Мерзімді тексерістердің нәтижелері бойынша уәкілетті ұйымдар көлік құралында орнатылған газ баллон жабдығының тексеруден өткенін растайтын құжатты рәсімдейді.

Ережелердің 1-тарауының 3-1) тармағына сәйкес арнайы уәкілетті ұйым – бұл мемлекеттік стандарт ГОСТ ISO/IEC 17020-2013 "Сәйкестікті бағалау. Инспекция жүргізетін түрлі органдардың жұмыс талаптары" (бұдан әрі – ГОСТ ISO/IEC 17020-2013) талаптарына сәйкес аккредиттелген заңды тұлға немесе оның құрылымдық бөлімшесі, көлік құралдарына орнатылған газ баллон жабдығын мерзімді тексеруден өткізу қызметін жүзеге асыратын ұйым.

Сонымен қатар, Ережелердің 31 тармағында міндетті техникалық тексеру жүргізу кезеңінде:

көлік құралында орнатылған газ баллон жабдығының мерзімді тексеруден өткенін растайтын құжаттың және газ баллон жабдығының қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы құжаттың болуы тексеріледі, сондай-ақ, егер газ баллон жабдығы жөндеуден өтсе (мысалы, редуктор немесе баллон ауыстырылған болса), онда осы жөндеуге қатысты өзгерістердің бар екендігі көрсетіледі;

көлік құралында орнатылған газ баллонының сериялық нөмірі газ баллонының әрбір паспортымен салыстырылады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ұлттық аккредиттеу орталығының деректеріне сәйкес аккредиттелген субъектілер тізілімінде көлік құралдарында орнатылған газ баллондардың қоса алғанда, газ баллон жабдығына мерзімді сынақтар жүргізу үшін ГОСТ ISO/IEC 17020-2013 бойынша аккредиттелген 15 инспекциялық орган тіркелген.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Сіз ГОСТ ISO/IEC 17020-2013 сәйкес аккредиттелген инспекциялық органдар берген газ баллонды жабдыққа мерзімді сынақтар жүргізу туралы куәліктерді тексеру жөніндегі талаптарды орындау бойынша қажетті іс-шараларды жүргізуіңіз керек.

К сведению операторов технического осмотра

Республиканское государственное учреждение "Инспекция транспортного контроля по Восточно-Казахстанской области" Комитета автомобильного транспорта и транспортного контроля Министерства транспорта Республики Казахстан напоминает.

В пункте 32-1 Правил организации и проведения обязательного технического осмотра механических транспортных средств и прицепов к ним (утвержденных приказом и.о. Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 26 марта 2015 года № 329) указано, что газобаллонное оборудование на транспортных средствах должно подвергаться периодическим испытаниям в специально уполномоченных организациях. Периодичность этих испытаний совпадает с периодичностью освидетельствования баллонов, установленной изготовителем баллонов и указанной в паспорте на баллон (баллоны).

По результатам периодических испытаний уполномоченные организации оформляют свидетельство о проведении испытаний газобаллонного оборудования, установленного на транспортном средстве.

В соответствии с пунктом 3-1) Главы 1 Правил специально уполномоченная организация – это юридическое лицо или его структурное подразделение, аккредитованное в соответствии с требованиями государственного стандарта ГОСТ ISO/IEC 17020-2013 "Оценка соответствия. Требования к работе различных типов органов, проводящих инспекции", на проведение работ по испытаниям газобаллонного оборудования, установленного на транспортных средствах.

Кроме того, пунктом 31 Правил предусмотрено, что в ходе подготовительного этапа обязательного технического осмотра:

проверяется наличие свидетельства о проведении периодических испытаний газобаллонного оборудования, установленного на транспортном средстве, а также свидетельства о соответствии газобаллонного оборудования требованиям безопасности, с отметкой об изменениях, внесенных при ремонте (например, замена редуктора или баллона).

сверяется серийный номер газового баллона, установленного на транспортном средстве, с данными паспорта, оформленного изготовителем газового баллона.

Также, согласно данным Национального центра аккредитации Комитета технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан, в реестре аккредитованных субъектов зарегистрированы 15 инспекционных органов, аккредитованных по ГОСТ ISO/IEC 17020-2013 для проведения периодических испытаний газобаллонного оборудования, включая газовые баллоны, установленные на транспортных средствах.

На основании вышеизложенного, вам следует проводить необходимые мероприятия по выполнению требований по проверке свидетельств о проведении периодических испытаний газобаллонного оборудования, выданных инспекционными органами, аккредитованными в соответствии с ГОСТ ISO/IEC 17020-2013.

Пайдалы кеңестер

Жаттығу жасай біліңіз!



Қол мен саусақтардағы қан айналымын жақсарту жаттығуы:

Қолдарыңызды алға созыңыз, көкіректі алға созып ұстаңыз, саусақтарыңызды бос ұстаған күйде сілкіңіз. Осылайша 15 рет жасаңыз. Сосын қолыңызды қатты жұдырықтап, босатып жібересіз. Қолды жазған кезде саусақтарды кеңірек жайыңыз.

✓ 1. Қолдарыңызды алға, жоғары, артқа айналдырасыз. Бірте-бірте жылдамдата түсесіз. Бірін-

ші күндері 10 рет, одан соң бірте-бірте 50-ге жеткізіңіз.

✓ 2. Қолдарыңызды керісінше айналдырасыз. Қолдарыңызды иық деңгейінде екі жаққа созыңыз. Оң қолыңызбен сол иықты ұрып, сол иығыңызбен оң иықты ұрасыз. Әр ұрған кезде көкірегіңізді алға қарай шығарып, бастапқы қалыпқа келесіз. Жылдам жасау қажет. Алғашқы күндері жаттығуды 10 рет жасап, кейін 50-ге дейін есіресіз.

Жарнама
мәтінін алтаның
сеуісінбісіне дейін
берулеріңізді сұраймыз